

Thus, the results of the study showed that the morphofunctional features of the cellular and tissue structures of the appendage of the testis of small mammals affected by destabilizing anthropogenic factors indicate a possible deterioration of the conditions for gamete maturation, which negatively affects the number of these animals.

**УДК 616-071.3-057.875**

Тілеш Ж.Ж., Балтабаева А.Д.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ САУСАҚ ИНДЕКСІНЕ ҚАТЫСТЫ АГРЕССИЯ ТҮРЛЕРІ**

Қалыпты физиология кафедрасы  
Ғылыми жетекші: м.ғ.м., аға оқытушы Балмағанбетова Ф.К.  
КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
Ақтөбе, Қазақстан

**Кілттік сөздер:** саусақ көрсеткіші, агрессивтілік, мінез-құлық, тиімді техника.

**Өзектілігі.** Заманауи әлемде әртүрлі елдердің тұрғындарының көпшілігінің агрессивтілігінің, агрессияның және алаңдаушылықтың өсуіне қауіп бар және бұл жағымсыз үрдіс халықтың барлық топтарын қамтиды. Тұлғаға қарсы қылмыстар саны артып келеді. Сарапшылар атап өткендей, қақтығыстар көбеюде және жалғасын табуда.

Бұл мәселенің өзектілігі, жан-жақты зерттеуді және респонденттердің агрессивтілік деңгейін анықтаудың ең тиімді әдісін таңдауды қажет етеді. Агрессия мен агрессивтіліктің табиғатын зерттеу қажет, оның себептерін түсіну арқылы айқын зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алуға ұмтылады.

**Зерттеу мақсаты.** Респонденттердің агрессивтілік белгілерін сұқ және төртінші саусақ ұзындығының арақатынасымен зерттеу.

**Зерттеудің әдістері мен материалдары.** Агрессивтілікті анықтауда жинақталған тәжірибені талдап, зерттеуімізде А.Басс пен А.Дарки жасалған әдістемені таңдадық. Сауалнама агрессияның маңызды көрсеткіштері болып саналатын 8 индексті қамтиды, эксперименттік жұмысты жүргізу үшін зерттелушіге 76 сұрақтан тұратын диагностикалық сауалнама ұсындық.

Қысқаша саусақ индексі деп екінші саусақтың төртіншіге қатынасын (2D:4D) айтады. Саусақ көрсеткіші жыныстық диморфизмнің ерекшелігі болып табылады және ерлерде төмен көрсеткішке ие (кіші мән). Кішірек, еркектік сандық индекс пренатальды тестостерон деңгейін немесе андрогенге жоғары сезімталдықты көрсетеді. Біз М.Оспанов атындағы БҚМУ-дың 17-20 жас аралығындағы 60 студентін тексердік. Агрессивтілік Басс-Дарки сауалнамасы арқылы бағаланды, 1998 жылы Мэннинг жасаған әдіс бойынша оң қолдың екінші және төртінші саусақтарының фалангтарының ұзындығы екі рет Вебер циркульмен өлшенді. 2D:4D индексі әрбір қол үшін екінші саусақтың ұзындығын төртіншіге бөлу арқылы есептелді. Біздің үлгідегі 2D:4D орташа мәні  $0,98484 \pm 0,07$  болды.

**Зерттеу нәтижесі.** М.Оспанов атындағы БҚМУ студенттері арасында агрессивті мінез-құлық пен саусақ көрсеткіші бойынша гендерлік айырмашылықтарды анықтадық: - ұл балаларда қыздарға қарағанда саусақ көрсеткіші төмен, - ұлдарда физикалық агрессия және тітіркену, ал қыздарда - ашушандық, тітіркену, қыз балаларда дұшпандық және вербальді агрессия жоғары.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, саусақ индексіні зерттеу арқылы агрессивтілік деңгейін анықтау А.Басс пен А.Даркидің дифференциациялық сауалнамасын

қолданумен салыстырғанда агрессивтілік деңгейін анықтаудың қарапайым және арзан әдісі болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Біздің ойымызша, агрессивтілік деңгейін анықтауда саусақ көрсеткішін қолдануды әртүрлі ұйымдар мен мекемелердегі қызметкерлердің агрессивтілік деңгейін анықтау үшін жаппай тәжірибеде қолдануға болады.

Бұл әдістеменің тиімділігі біздің пилоттық зерттеуіміздің нәтижелерімен расталады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Шадриков В. Д. Введение в психологию: мотивация поведения. – М.: Психология, 2003. – 521 с.
2. Педагогическая психология / Л. Д. Столяренко. – Изд. 6-е., – Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 541 с. – (Высшее образование)
3. Басс, А. Г. Психология агрессии / А. Г. Басс // Вопр. психологии. – 1967. – № 3. – С. 60–67.

#### **РЕЗЮМЕ**

Тілеш Ж.Ж., Балтабаева А.Д

### **ВИДЫ АГРЕССИВНОСТИ У СТУДЕНТОВ В СООТНОШЕНИИ С ПАЛЬЦЕВЫМ ИНДЕКСОМ**

Кафедра нормальной физиологии

Научный руководитель: м.м.н., старший преподаватель Балмағанбетова Ф.К

Западно-Казакштанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казакштан

Целью изучения является определение соотношения длины указательного и безымянного пальцев рук с чертами агрессивности респондентов. Нами были выявлены половые различия агрессивного поведения и пальцевого индекса среди студентов ЗКМУ им. М. Оспанова: – мальчики имеют меньший палецовой индекс, чем девочки; – мальчики имеют более высокие оценки по физической агрессии и раздражению, тогда как девочки – по гневу, враждебности и вербальной агрессии. Вывод: определение уровня агрессивности при помощи исследования пальцевого индекса более простой и дешевой способ выявления уровня агрессивности, по сравнению с использованием дифференцирующего опросника А. Басс и А. Дарки.

#### **SUMMARY**

Tilesh Zh.Zh., Baltabaeva A.D.

### **TYPES OF AGGRESSION IN STUDENTS IN RELATION TO FINGERINDEX**

Department of Normal Physiology

Supervisor: MD, Senior Lecturer Balmaganbetova F.K.

West Kazakhstan Medical University of Marat Ospanov, Aktobe, Kazakhstan

The purpose of the study is to determine the ratio of the length of the index and ring fingers with the aggressiveness features of the respondents. We have identified gender differences in aggressive behavior and finger index among students of ZKMU named after M. Ospanov: - boys have a lower finger index than girls; - boys have higher marks for physical aggression and irritation, while girls - for anger, hostility and verbal aggression. Conclusion: determination of the level of aggressiveness using the study of the finger index is a simpler and cheaper way to identify the level of aggressiveness, compared with the use of a differentiating questionnaire by A. Bass and A. Darki.